

11. Бүлік белең алғанда

туралы" деп аталады. Онда Теміртау жұмысшыларының шілденің соңғы күндерінде бейбіт түрде алаңға шығып өз мақсат-мүдделерін жоғары орындарға жеткізгісі келгені туралы бір сөз айтылмайды. Мәселені оқырманның толық түсінуі үшін осы жазбадан үзіндіні толық ұсынып отырмыз: "Осы жылдың маусым айында комсомолдық жолдамамен құрылысқа келген жас жұмысшылар Палата қалашығында тұратын, ұзын саны 100-ден астам адам 2 тамыздағы түнде би алаңынан оралған. Бір қатар палаткада су болмауына байланысты олар квас құйылатын цистернаға келеді, ол да бос болып шыққандықтан, оны төнкеріп тастайды. Бұдан соң № 3 асханаға келген, ол жабық болғандықтан терезесін сындырып, құлпын бұзған. Асхананың ішіне еніп ондағы бар азық-түлікті тонап алған. Жастардың келесі бір тобы галан-терейя товарлары бар киоски мен автолавканы тонады. Бұл уақытта олардың саны 500 адамға жеткен". Осы үзіндіні Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының аға ғылыми қызметкері Т.Дидик алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарына жариялады. Міне, Теміртау бүлігінің басталуын басшылық осылайша басбұзарлардың бұзақылық әрекетінен туғандай етіп сылап-сипап көрсетеді. Оның алдындағы күндізгі жағдай туралы сөз етілмейді. Жалпы Теміртау тұрғындарының неден көңілі қалып жүр, олар қай мәселеге өкпелі деген жайды ауызға алмайды. Содан кейін осы мәліметтен бір байқағанымыз оқиғаның бастаушылары Теміртаудың байырғы құрылысшылары емес келгендеріне айға да толмаған жастар екен. Жалпы кім болмасын, жаңа орынға келгендер қаншалықты талапшыл болғанымен бұрынғылардың алдын орағытып, қандай да болмасын іс-қимылға, әрекетке бара қоймайтыны өмірден белгілі. Келгендеріне жарты айдан сәл асқан, әрі қалталарында комсомолдық табақтай жолдамасы бар жастардың мұндай соны іске, батыл қадамға баруы неғайбыл. Егер ол солай болған күнде Теміртауға комсомолдық жолдама деген желеумен өңкей елден шыққан басбұзарлар жиналған деген ойға еріксіз жетелейді.

Істі бұзақыларға аудару салу жоғарыдағы лауазымды орындардағының өз орнын сақтап қалуына, әрі қолданылар жазадан шапшаң құтылуына мүмкіндік береді. Себебі, көптің ішінен кім шықпайды, бас жарылып, қол сынатын, алас-күлес төбелес басқа түгілі алақандай ауылдың той-томалағында да дәстүрге айналған дағдылы іс қой.

сыздыққа ұласты. Қарбалас болып жатқан жердегі халықтың саны толасыз өсіп, ол мыңға таяды. Іркестіркес орналасқан палаткаларға да ушу естіліп, желбегей киінгендерде манайға топтасып қалды. Солардың ішінде не болып, не қойып жатқанынан хабарсыз жандар да бар еді. Көзсіз тасқын айтқанға көнбеді. Жолдарындағы милицияның машинасын қиратып, таяу маңдағы милиция ғимаратына бет алды. Алда кездескендердің бәрін сыпыра қиратып, қызыл жағалыларды сабап тастады. Милиция ғимаратына еніп, қару жарақ сақталатын орынның құлпын бұзып, қаруланбақшы болып әрекеттенді. Шыңдығында да бұл сәтте оқиға еңбекшілердің талап тілегін алға тартқан бейбіт шеруден де басбұзар, бұзақылардың әрекетіне осылайша айналып кете барған. Ал тобыр бір еліріп, есірмесін деңіз, егер солай бола қалған күннің өзінде оны тоқтатар күш жоқ. Ол кездескеннің бәрін жалмап өтетін қызуы мол өртке, болмаса алдындағының бәрін шәйіп сыпырып кететін тасқынға ұқсамақ. Осы жолы да солай болды. Дер кезінде, ыңғайлы сәтінде арна басы оңға бұрылмаған соң, тіпті сәл де болса тежелмеген соң, тізгінделмегеннен кейін топалан төбелес, қирату, бұлден басып өту, қараңғылық құшағындағы түннің еншісіне тиді. Таудай тулаған толқынды тоқ-

біршама мәселені шешуіне мүмкіндігі бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Алайда облыстың бірінші басшылары Теміртауға қадам басады. Тек облыс орталығынан облыстың партия комитетінің бөлім менгерушісі Бәкенов келді. Оның жанында Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Коркин, қалатқомның төрағасы Мүсәлімов болды. Алдымен олар құрылысшылардың бұл қылығының қылмыс екендігін беттеріне басып, тықыртып алмақ еді. Әңгіме ауаны жиналғандарға ұнамады. Не керек өзара пікірталас өрбімеді, әңгіме өрісі бір арнаға тоғыспады. Ел алдына келгендер олардың көңілін ауларлық, қуантарлық та еш шара қабылдайтынын айтпады, нақты істі жүзеге асыра алмады. Ал мұндай жағдайда мәселе орнықты шешілмесе, көңілге қонымды шаралар тап-тұйнақтай етіліп белгіленбесе жалаң үгіт пен ділмарсудың пайдасы шамалы. Күні бойғы әрекет бос болып шықты. Себебі ереуілшілерге талабы бойынша қандай да болмасын істі орындаймыз, мына талаптарын орынды, оның шешілу мерзімі соншалықты күнге созылады деген мәселелер көтерілмеді. Содан да болар елдің тынышталар түрі байқалмаған.

Қас қарая нөпір халық тағы да далаға шықты. Өткен түннің оқиғасы бірлі жарым адамды ұрып соғумен шектелсе бүгінгі беталыс одан әрмен болды.



Өзіміз өткен мақалада айтып өткендей 1959 жылдың жазындағы Теміртау бүлігі туралы жарияланған материалдар шамалы, тіпті жоқ десе болады. Арда сандаған жылдар өтсе де, сол бір жылдардағы оқиғаның нақты себебі мен барысын толық жеткізетін құжаттарға тарихшылардың, зерттеуші-ғалымдардың қолы әлі жете қойған жоқ. Ал тиісті органдардың құзырында құлыптаулы жатқан құжаттарда Теміртау бүлігі жайындағы тың деректердің тұмшаланып жатқаны анық. Қалай демейік, алдағы күндерде Теміртау бүлігі турасындағы нақты деректердің толықтай жарияланып, оның себеп-салдары тарамдай талданып, өзінің нақты бағасын алары сөзсіз. Әрине, ол болашақтың, ісі. Әзірше біз қолда бар шамалы деректер негізінде сол кезеңді ой көзімен шолып, оқиғаның жалпы барысымен оқырманды таныстыра кетпекпіз.

"Казметаллургстрой" тресінің алдындағы алаңға жиналған елмен бетпе бет сөйлесуге ешкім шыға қоймаса да халық жиналған алаң тиісті орындардың қатаң бақылауында болды. Үндеместер өз өкілдерін жіберіп, жағдайдың ахуалын, елдің мақсаты, көздегені не деген сауалдарға жауап іздеді. Оған жауапты тапты да, тиісті орындарға халықтың нені талап ететіндігі, оларды қандай мәселе қанағаттандырмайтындығы белгілі болды. Әрине басшылықтың, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды дұрыс көтердіндер, оны шешеміз деуіне де болар еді. Алайда болгарларға жасалған



Тоналған дүкен іші

Қалайлы тұрмысты немен дәлелдемек. Екі жақ теке тіреске, сөз сайысына түссе көп жайдың бетінің ашылып қалары анық. Сондықтан да жоғары орындар диалогке барудан бас тартты. Егер теміртаулықтардың өзгеге жасаған жақсылықтарды бізге, өз адамда-

Олай болса әлдеқимдер жастықтың бұнына мастанып /мүмкін арақ ішті деуге де болар/ жасаған қылығына қашанғы күзет қоямыз деген де болар. Қалай демейік басшылық теміртаулықтар толауына басқаша рен беруге ұмтылды.

Жұмысшылар тұрған палаткалар



рынызға неге көрсетпейсіздер дегені өршіп кетсе, мұның өзі әлемдік деңгейдегі екі лагерьдің ішінде коммунистердің беделіне нұсқан келтіріп, олардың жасаған істерінің көбі шикі, беті жылтырағаны болмаса арғы жағының мәнсіз, мағынасыз екендігін жария етпей ме? Сондықтан да оқиғаға басқа рен берілді. Жоғарыға, ресми орындарға жөнелтілген ақпарларда мәселені тек бір топ бұзақылардың бастаған әрекеті салдарынан өршіп, өрбіді дегенге аудару салуға деген ниет байқалды. Баспасөз беттеріне жарияланып жүрген деректердің ішінде Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы П.Исаевтың қол қоюымен жоғары орындарға жолданып түсініктеме жазбасы бар. Ол 1959 жылдың 12 тамызында жазылған. Құжат "Қарағанды металлургия заводындағы жаппай тәртіпсіздік жағдайы

әрі жоғары орындарға солай деп жеткізді.

Оқиға болған жерге милиция да жетеді. Олар өзгелерден өзгеше көрініп қалған екі жасты ұстап, өз көліктеріне отырғызған. Кеше күн ұзақ алаңда тұрып өздерінің мұн-мұқтажына құлақ асар жан таппаған қалың ел мұндай бассыздыққа, өз әріптестерін күштеп ұстап, машинаға мінгізген милицияның қылығына шыдамаған. Міне, осыдан соң-ақ қалың ел шиыршық атып алас-қүлес жұлқыласуға, өкіметтің өкілдері саналатын милицияға қол жұмсауға барды. Бұл бір ақылдан алжастырған, бәрін оқиғаның барысы билеген, елді естанды қалыпқа түсірген шақ болды. Милицияға қол көтергендер оқиғаның арты немен тынарын ойлап та, бажайлап та жатпады. Есірік қимыл, тосын әрекет өзінен өзі туындап, соны берекесіздікке, бас-

татуға әрекет жасау бос қиял. Бұл жолы да солай болды. Бұзақылыққа бағыт алып, оқиғаны соған бұрып әкеткендерге түн ішінде ешкім қарсы келмеді. Тек аса маңызды деген объектілерге қатаң күзет қойылды, нәрсеге болмасын дайын болайық дегендей түрлі қамданыс жасалды. Алайда ереуілдеушілер соншалық бассыздыққа, маңызды құрылыс объектілеріне, ондағы құрылыс жабдықтары мен механизміне тиісе қоймады. Мұның өзі де оқиғаның құрылысқа қастандық жасаудан емес, тек жұмысшылардың қиын әлеуметтік-тұрмыс жағдайын жақсартуға тиісті орындар көңіл бөлсе етті деген ниеттен туындағанын көрсетеді.

Таң алакеуімде есірген елдің ашуы сел тарқағандай болды, ал олар кейін өздерінен неліктен милиционерлерді соққыға жықтындар дегенге, орган адамдарының өз әріптестерін, жағдайдың мәніне көңіл бөлмей қолдарын қайырып, қамауға алуға жасаған әрекеттері себеп болды дегенді алға тартты.

Ал сол күнгі таң бозара атқан соң алақандай қаланың өне бойын бір сүзіп өткен топ ендігі кезекте Достық төбесінің етегіндегі палаткадан тұратын қалашыққа келіп, өздерінің іс-қимыл әрекеттерін қызу талқылап жатты. Арқаның қысқа түні түріліп, тек осы сәтте ғана бір желпіп өтетін таңғы самал тынысты кеңейткен кезде сырт көзге металлургия қаласы бейне бір тылсым тыныштық құшағынан жаңа ғана ояна бастағандай болып көрінген еді. Бірақ бұл алдамшы көрініс болатын.

Теміртаудағы өткен түндегі оқиғаны жергілікті басшылар сол сәтінде облысқа жеткізген. Осы жайды естісімен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, әрі облатком төрағасы оқиға болған жерге жедел келуі қажет еді. Қаншалықты Алматы, Мәскеуге қарады десе де облыс басшылығының да елмен бетпестік пікірлесіп, бәрін болмаса да

Кешегі жұрт милицияның өз өкілдігін асыра пайдаланғанына наразы болып, тек сол бағытта әрекет етсе, осы түні олар бірден азық-түлік сақталатын орындарға, соның ішінде асхана үйіне бет алды. Ондағы шамалы ғана тамақты алып, орталықтағы әмбебап дүкенге бет түзеді. Келе сала оның терезелерін қиратып, ішіндегі тең-тең болып жатқан товарларды сыртқа атты. Олары бізді қажетті керек-жаракпен, жұмысшы киімдерімен жабықтамайсындар, ал мұндағы сақталып жатқан орам-орам мата, мол аяқ-киім, басқа да киім кешекті не дейсіңдер дегендері болатын. Киім кешектен бұрын ел дүкеннен шыққан мол тағамға құмырсқадай жабылды. Банкідегі сиыр еті, нан-тоқаш, түрлі орамдағы тәттілер, болсын болмасын арақ-шарап бірден-бірге етіп лезде ізім-ғайым жоқ болды. Бір сәт түн қараңғылығын, тамыздың жұлдызды аспанын палаткалы қалашық тұстан көтерілген сәуле ел назарын өзіне аударған. Бұл отқа бөленген жұмысшы асханасы болатын. Баяу көтерілген от ұшқыны түн көрпесін қалай бөліп, аспанға сүйір тілдерін сұға жалынға айналды. Ол ағаштан қиюластыра салынған ғимарат болатын. Өрекіпген көңілдер сол сәтте басылып, сәт сайын ұлғая түскен алау отқа көз сала тұрып, өз әрекеттерінің шектен шығып кеткенін ұғынғандай болған. Көңілдерге әлдебір мұң келіп, алдағы атар таңнан үрейлі леп есіп тұрды. Жалын тілі бейнебір жұлдыздарға ұмтылғандай жоғарылай берді, жоғарылай берді. От қаншалықты жалындай түссе қалың елдің ұнжырғасы сон-

шалық құлази бергендей еді. Көптеге жастар өздерін алда не күтіп тұрғанын іштей сезген де болатын. Ал, болар іс болып, бояуы сінген соң өкінгеннен не пайда? Иә, күні ертен ешкімнің бұларды бастан сипамасы анық еді.

Ермағамбет ЛҰҚПАН

Аманжол АҚЫН

Суреттер қалалық тарихи-өлкетану мұражайынан алынды